Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

# Ленин туы

ҚК(б)Пнын Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл Қалалық Комитетінің органы

Шығуына 24-ші жыл

№450(6499) | 1943 жыл 10 Март Сәрсенбі | Бағасы 20 тыйын

## ССРС қарулы күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы И. В. СТАЛИНГЕ Советтер Союзының Маршалы әскери атағын беру туралы

### ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Указы

ССРС қарулы күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы СТАЛИН Иосиф Виссарионовичке Советтер Союзының Маршалы әскери атағы берілсін.

**ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Председателі**
**М. КАЛИНИН.**

**ССРС Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі**
**А. ГОРКИН.**

Москва, Кремль. 1943 жылғы 6 март.

# ОБЛЫСТЫҢ КОМСОМОЛ ҮЙЫМДАРЫНА ПАРТИЯ БАСШЫЛЫҒЫН ЖАҚСАРТУ ТУРАЛЫ

## ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің VIII Пленумының қаулысы

**Облыстың** комсомол ұйымдарына партия басшылығын жақсарту туралы баяндаманы тыңдап, талқылай келіп, партияның облыстық комитетінің пленумы неміс басқыншыларға қарсы отанымыздың намысы, бостандығы мен тәуелсіздігі үшін совет халқының ұлы отан соғысы күндерінде соғыс-шаруашылық міндеттерді орындау ісіне комсомолецтер мен комсомолда жоқ жастардың жаппай қатнасып, белсенділігі артқандығын атап көрсетеді.

Комсомолецтер мен жастар ауыл шаруашылығында және өнеркәсібінде шешуші күш болып отыр. Майданға еселеп көмек көрсету жөніндегі маңызды міндеттерді мүлтіксіз орындау үшін күрес жүргізе отырып, облысымыздың партия ұйымдарының басшылығымен комсомол ұйымдары жастарды ауыл шаруашылық жұмыстарын, мал қыстатуға даярлану және оны өткізуді ойдағыдай жүргізу ісіне, кәсіпорындарының өндірістік пландарын, мектептердің оқу-өндіріс программаларын мүлтіксіз орындауы үшін күш жұмсауға ұйымдастыра білді.

Егін жыйнау кезінде колхоз, совхоз далаларында 9 мыңнан аса комсомолецтер, комсомолда жоқ 40 мың жастар, 45 мың пионерлер мен мектеп оқушылары жұмыс істеді. Келлер, Красноармейскі, Көкшетау және Қызылту аудандарының көптеген комсомол ұйымдары егін жыйнау кезінде өнегелі жұмыс істеді. Комсомолецтер егінді күзету және жанармайды үнемдеу жөнінде постылар ұйымдастырды, мемлекетке астық тапсыру жөнінде арнаулы комсомол-жастар керуендерін ұйымдастырды.

Комсомолецтер мен комсомолда жоқ жастар облысымыздың өнеркәсіп орындарында ұйымшылдық пен стахановтық еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті. Олар өндіріс техникасын дереу меңгеріп, материалдар мен электр қуатын үнемдеу үшін күш жұмсауда. Петропавл қаласының өнеркәсіп орындары мен отан қорғау өнеркәсібі заводтарында 60тан аса комсомол-жастар бригадалары мен звенолары өндірістік тапсырмаларды әрдәйім артығымен орындап жүр.

ҚК(б)П облыстық комитетінің VIII пленумы, халық шаруашылығының барлық участкелерінде комсомолецтер мен комсомолда жоқ жастардың ролінің өте-мөте өскеніне қарамастан, комсомолдың комсомолецтермен жастарды соғыс-шаруашылық міндеттерді орындау ісіне, майданға көмекті еселеп күшейтуге жұмылдыру жөніндегі жұмысы соғыс уақытының талаптарына әлі толық сәйкес емес екендігін, ал партия ұйымдары комсомол ұйымдарының жұмысын соғыс уақытының талабына лайық қайта құру ісіне ойдағыдай басшылық жасай алмай отырғанын атап көрсетеді.

Пленум комсомол ұйымдарының жұмысындағы негізгі кемшіліктер мыналар деп есептейді:

а) өнеркәсіп орындарының, колхоздардың, МТС пен совхоздардың алдында тұрған саяси-шаруашылық міндеттерді орындау ісінде комсомол ұйымдарының бірсыпырасының инициативасы аз болып келді. Жастар арасында саяси-көпшілік және мәдени-ағарту жұмыстары өте жеткіліксіз болды, алынған қаулылардың орындалуы тексерілмеді;

б) комсомол қатарының партия және совет үкметіне берілген озат, істе сыналған жастардың есебінен өсуі жеткіліксіз;

в) комсомол ұйымдарының кейбір басшылары жастардан қол үзді, комсомол ұйымдарының жұмысында кемшіліктердің болуына олар әдеттеніп алды, олар жастардың мәдени-тұрмыс хажетіне ойдағыдай қамқорлық жасамай келді, жатақ үйлерде, өнеркәсіп орындарында, бригадалар мен фермаларда оқта-текте ғана болады, жастардың қандай тілек қойып отырғанын жете білмейді;

г) ҚЛКЖСның бірсыпыра аудандық комитеттерінің жанындағы тұрақты комиссиялар жұмыс істемеген;

д) комсомолдың кейбір бастауыш ұйымдарының секретарьлары болмай келген. Кадрларды қызметке іріктеп алу, комсомол активін тәрбиелеу ісімен ҚЛКЖС обкомі, МТС пен совхоздардың саясаттық бөлім бастықтарының комсомол жұмысы жөніндегі көмекшілері мүлде жеткіліксіз шұғылданған;

е) комсомол ұйымдарының басшылары, оның активтері саяси білім дәрежесін арттыру ісінде өздеріне ұлғайтылған талаптар қойылғанына қарамастан, білім дәрежесін арттыру ісімен ойдағыдай талаптанбаған;

ж) комсомол ұйымдарының көпшілігінде саяси оқу ұйымдастырылмаған. Комсомол активінің жыйылыстары оқта-текте ғана өткізілген, бұлардың дәрежесі өте төмен болған;

з) ҚЛКЖС облыстық, аудандық комитеттері, МТС пен совхоздардың саясаттық бөлім бастықтарының комсомол жұмысы жөніндегі көмекшілері, бастауыш комсомол ұйымдары өздерінің комсомол активін жете білмейді. Бірсыпыра комсомол ұйымдарында тәртіпті бұзу фактысы байқалып отыр.

Пленум комсомол ұйымдарының жұмысындағы бұл сыяқты кемшіліктер, ең алдымен, комсомолға облыстың партия ұйымдары басшылығының қанағаттанғысыз екендігінің нәтижесінен болып отыр деп есептейді.

ҚК(б)П аудандық комитеттері мен бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары, МТС пен совхоздардың саясаттық бөлімдерінің бастықтары Сталин жолдастың: «Комсомолдың бүкіл жұмысындағы ең маңызды және бастысы—партия басшылығын қамтамасыз ету... мұндай басшылықсыз комсомол өзінің жұмысшы-шаруа жастарын пролетариат диктатурасы және коммунизм рухында тәрбиелеу жөніндегі негізгі міндетін орындай алмайды» деген нұсқауын ұмытты.

ҚК(б)П аудандық комитеттері, МТС пен совхоздардың саясаттық бөлімдері мен бастауыш партия ұйымдары комсомол ұйымдарына қанағаттанғысыз басшылық жасап, олардың жұмыстарын бақыламай келді. ҚК(б)П Преснов, Соколов, Приешім, Ленин аудандық комитеттері мен Петропавл қалалық комитеті комсомол жұмысына жеткілікті басшылық жасай алмай отыр. Бұл аудандық комитеттер мен Петропавл қалалық комитеті ҚК(б)П Орталық Комитетінің комсомол ұйымдарына партия басшылығын жақсарту туралы қаулысын да талқыламаған.

Партияның аудандық комитеттері мен қалалық комитетінің комсомол ұйымдарына басшылығының жеткіліксіз болуы салдарынан партияның кейбір ұйымдары комсомолға басшылық ісінен сырт қалған. Партия жыйылыстарында комсомол ұйымдары секретарьларының баяндамалары тыңдалмаған, олардың жұмысына практикалық көмек көрсетілмеген.

Комсомол ұйымдарына партия басшылығының мұндай халде болуын төзуге болмайды деп есептеп, обком пленумы **қаулы етеді:**

1. ҚК(б)П аудандық комитеттері мен Петропавл қалалық комитеті, МТС пен совхоздардың саясаттық бөлімдері, бастауыш партия ұйымдары комсомол ұйымдарына өздерінің басшылығын шын мәнінде жақсартып, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің VIII пленумының «Республиканың комсомол ұйымдарына партия басшылығын жақсарту туралы» қаулысын мүлтіксіз орындауға міндеттелсін.

2. ҚК(б)П обкомының бюросында комсомол ұйымдарына партия басшылығының жайы туралы партияның аудандық комитеттері мен комсомолдың облыстық комитеті секретарьларының баяндамалары, ал партияның аудандық комитеттері мен қалалық комитетінің бюроларында—бастауыш партия және комсомол ұйымдары секретарьларының баяндамалары үнемі тыңдалатын болсын.

3. Пленум комсомолдың басшы қызметкерлерін кеңестерге шақыру, аса маңызды мәселелерді белгілеуге қатнастыру және жұмыс жөнінде бір-бірінің жұмысымен танысып жүру жолымен ҚК(б)П облыстық, қалалық, аудандық комитеттері бөлімдерінің ҚЛКЖС облыстық, аудандық комитеттерінің бөлімдері мен тұрақты комиссияларына іс жүзінде жәрдем көрсетуін ұйымдастыру хажет деп есептейді. Ағымдағы кезең мәселелері, соғыс және

(Соны 2-бетте).

## *СОҢҒЫ САҒАТТА*

### ӘСКЕРЛЕРІМІЗ ГЖАТСКІ ҚАЛАСЫН АЛДЫ

Әскерлеріміз қосқабат штурм жасаудың нәтижесінде **ГЖАТСКІ** қаласын алды. Жаудан қолға түсірілген олжалардың есебі алынып жатыр.

### ӘСКЕРЛЕРІМІЗ СЫЧЕВКА ҚАЛАСЫН АЛДЫ

8 мартта әскерлеріміз, екі күнгі қатты ұрыстардан кейін, дұшпанның қарсылығын жеңіп, **СЫЧЕВКА** (Вязьма қаласының солтүстігіне таман) қаласы мен темір жол станциясын алды. Сычевка бағытында және Сычевка қаласы үшін болған ұрыстарда әскерлеріміз жаудан мынадай олжаларды: 8 самолетті, 310 танкті, түрлі калибрлі 40 зеңбіректі, 250 пулеметті, 22 паровозды, 215 вагон мен темір жол цистернасын және көптеген снарядтарды, миналарды, патрондарды тағы басқа соғыс мүлкін қолға түсірді.

Дұшпан тек өлідей ғана 8.000дай солдаттары мен офицерлерінен айрылды.

**СОВЕТ ИНФОРМБЮРОСЫ.**

